

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 150ақ қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың 2003 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 262-қосымшада :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 7711890 мың теңге (жеті миллиард жеті жүз он бір миллион сегіз жүз тоқсан мың теңге) . " ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

реттік нөмірі 1-жолдағы "1094" деген сандар "1050" деген сандармен ауыстырылсын ;

2) көрсетілген қаулыға 266-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

2-тармақтың екінші абзацындағы "бұқаралық ақпарат құралдарында", "(қажеттілігіне қарай)" деген сөздер алынып тасталсын;

3) көрсетілген қаулыға 278-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

"1000" және "5000" деген сандар тиісінше "3000" және "10000" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі